

Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының  
«Костанай педагогикалық колледжі» КМҚҚ  
басшысының 2021 жылғы "05" ақпандағы №35-л/с  
бүйрүғына 1-қосымша  
Г. Уразамбетова

**Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының "Костанай педагогикалық колледжі" КМҚҚ-н Жастар ісі жөніндегі комитеті туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1 Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының "Костанай педагогикалық колледжі" КМҚҚ (бұдан әрі-колледж) студенттерінің өзін-өзі басқаруды ұйымдастырушысы Жастар ісі жөніндегі Комитет (бұдан әрі-ЖІК) болып табылады, оның қызметі өскелең ұрпақты тәрбиелеу және студент жастар бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, оның әлеуметтік белсенділігін дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған. ЖІК ережесі "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің" 2021 жылғы 18 қантардағы № 24 бүйрүғы мен әдістемелік ұсынымдары негізінде әзірленді.

1.2 ЖІК мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласында колледждің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3 ЖІК ТжКБ ұйымының басшысы бекіткен ЖІК туралы ереже негізінде әрекет етеді.

1.4 Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.5 Комитет өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша қаулылар шығарады және әдістемелік ұсынымдар әзірлейді.

1.6 Комитет өз қызметінде директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

### **2. Жастар істері жөніндегі комитеттің мақсаты мен міндеттері**

2.1 ЖІК мақсаты студенттердің азаматтық белсенділігін қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуіне, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту кабілеттеріне жәрдемдесу болып табылады.

2.2 ЖІК міндеттері:

- студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, оның ішінде олардың мүдделерін қозғайтын білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
- ТжКБ ұйымының басшылығына білім беру міндеттерін шешуге, студенттердің бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын насиҳаттауға жәрдемдесу;
- ТжКБ ұйымдарының құрылымдық бөлімшелеріне олардың білім беру және тәрбие процесі шенберінде өткізетін іс-шараларына жәрдемдесу;
- студент жастарды жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға тікелей қатысуға тарту;
- демократиялық мәдениеттің негіздерін дамыту, жастардың жалпыжелілік өмірге қатысу қажеттілігін қалыптастыру;
- перспективалық қоғамдық маңызы бар жастар бастамалары мен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- ТжКБ ұйымының қызметі туралы студенттерді ақпараттандыру.

2.3. ТжКБ ұйымында ЖІК қызметі өнірдің, ТжКБ ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталуы мүмкін.

### **3. Жастар ісі жөніндегі комитеттің құрылымы**

3.1. ЖІК басшылығын колледж белсенділері арасынан сайланатын және ТжКБ ұйымы басшысының бүйірімен тағайындалатын төраға жүзеге асырады.

3.2. ЖІК төрағадан, ТжКБ ұйымының студенттік орта көшбасшыларының катарынан тұрады.

3.3. Төраға:

ЖІК қызметіне басшылық жасайды және ЖІК-ке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады;

ЖІК мүшелері арасында міндеттерді бөледі, олардың қызметін үйлестіреді; өз міндеттерін орындау кезінде ТжКБ ұйымының басшылығы ұсынған құқықтарды пайдаланады.

### **4. Жастар ісі жөніндегі комитеттің қызметі**

4.1 ЖІК қызметі ТжКБ ұйымдарында әртүрлі пікірлер мен мүдделерді білдіру арнасы болып табылады, ол арқылы студенттер ақпарат алады және қабылданған және қабылданатын шешімдер жөнінде өз пікірлерін білдіреді.

4.2 ЖІК және ТжКБ ұйымдары басшылығының қызметі өзара толықтыратын сипатқа ие, бұл олардың өзара іс-қимылға негізделген ынтымақтастығын болжайды.

4.3 ЖІК төрағасы басшының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісілген оқу жылына арналған ЖІК жұмыс жоспарын ТжКБ ұйымының басшысына бекітуге ұсынады.

4.4. ЖІК қызметін жоспарлау ТжКБ ұйымының жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

#### **4.5 ЖІК Төралқаның құрамын қалыптастырады және бекітеді.**

ЖІК Президиумының құрамына кіреді:

- Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы (Төралқа төрағасы);
- Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының орынбасары;
- бөлімшелер мен топтардың өкілдері;
- жатақхананың Студенттер кеңесінің төрағасы;
- мәдени-бұқаралық комиссияның төрағасы.
- спорттық-сауықтыру комиссиясының төрағасы
- ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі комиссияның төрағасы
- медиа-ақпараттық комиссияның төрағасы;
- әлеуметтік комиссия төрағасы (көмелетке толмағандардың балалар өкілдігі)

#### **Комиссия жұмысының құрылымы:**

Комиссияның қызметін Төраға басқарады. Төраға ЖІК жиналысында ашық дауыс беру жолымен 3 жыл мерзімге сайланады.

Комиссия өз қызметін ЖІК жиналыстарында қаралатын және бекітілетін әзірленген жұмыс жоспарына сәйкес ЖІК басқа комиссияларымен тығыз байланыста және өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді, отырыстарды дайындау мен өткізууді, іс жүргізууді және хаттамаларды жүргізууді комиссия төрағасы (ол болмаған кезде - төрағаның орынбасары) жүзеге асырады.

Комиссия ЖІК алдында жылына кемінде бір рет атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Комиссия төрағасы ЖІК-ке комиссия қабылдайтын шешімдер туралы хабарлайды.

#### **Мәдени-бұқаралық комиссия**

ЖІК төрағасымен бірге бір жылға жұмыс жоспарын әзірлейді. ЖІК жұмыс жоспарында бекітілген іс-шараларды ұйымдастыру үшін жұмыс тобын құрумен, сценарийлік жоспарлар және сценарийлер жазумен, дайындықтар өткізумен, концерттік және конкурстық нөмірлер қоюмен, жүргішілерді дайындаумен, колледж студенттері арасында таланттарды іздеумен айналысады. Сондай-ақ концерттердің, конференциялардың, байқаулар мен акциялардың дайындық кезеңдерін ұйымдастырады (реквизит дайындау, рәсімдеу, дайындық).

- ЖІК мәдени-бұқаралық комиссиясының төрағасы колледждің мәдени-бұқаралық өміріне белсенді қатысатын колледж белсенділерін марапаттау туралы ұсыныстар дайындайды.

## **Спорттық-сауықтыру комиссиясы**

Аталған комиссия колледждің спорттық-сауықтыру іс-шараларын және акцияларын ұйымдастыруға қатысады, көрнекті спорттық жетістіктерімен ерекшеленген студенттерді анықтайды, колледждің дene шынықтыру оқытушыларымен ынтымақтастық жасайды, спорттық іс-шаралар мен акциялар, сондай-ақ колледждің БАҚ арқылы салауатты өмір салтын насиҳаттайды.

- ЖІК спорттық-сауықтыру комиссиясының төрағасы колледждің спорттық өміріне белсенді қатысатын колледж белсенділерін марапаттау туралы ұсыныстар дайындайды.

## **Ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі комиссия**

Ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады, колледждің ғылыми-зерттеу қоғамымен, басшының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарымен ынтымақтаса жұмыс істейді.

- ЖІК ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі комиссияның төрағасы колледждің ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді қатысатын колледж белсенділерін марапаттау туралы ұсыныстар дайындайды.

## **Медиа-ақпараттық комиссия**

Іс-шаралардың, концерттердің, конференциялар мен акциялардың (постар, афишалар, буклеттер, жарнамалық роликтер) алдын ала анонstarын дайындайды, ЖІК қызметін насиҳаттайды және кәсіптік бағдар беру жұмысымен айналысады. Сондай-ақ комиссия колледждің БАҚ-пен: сайтпен, мақалалармен, фото және әлеуметтік желілердегі постармен жұмыс істейді.

- ЖІК медиа-ақпараттық комиссиясының төрағасы колледждің медиа-ақпараттық индустриясын дамытуға белсенді қатысатын колледж белсенділерін марапаттау туралы ұсыныстар дайындайды.

## **Әлеуметтік комиссия**

Аталған комиссия кәмелеттік жасқа толмаған студенттердің құқығын қорғау және қолдаумен айналысады, колледждің әлеуметтік қызметтерімен бірлесіп жұмыс жүргізеді.

4.6 ЖІК төрағасы ТжКБ ұйымдарының барлық алқалы органдарының жұмысына қатысады.

4.7. ЖІК отырыстарында Жастар қызметіне қатысты мәселелерді қарайды, ТжКБ ұйымдарының студенттік бірлестіктерінің баяндамаларын, жауаптарын тыңдайды.

4.8 ЖІК мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен байланысты жүзеге асырады.

4.9 ЖІК өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ЖІК отырыстарының хаттамаларымен ресімделген шешімдер қабылдайды.

## **5. Жастар ісі жөніндегі Комитеттің құқықтары мен міндеттері**

### **5.1 ЖІК құқығы бар:**

- студенттердің мүдделерін қозғайтын ТЖКБ үйымдарының ережелерін, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысуға;
- білім беру процесінің сапасын бағалауға қатысуға, ТЖКБ үйымының басшылығына оқу сабактарының кестесіне, емтихандарды өткізу кестесіне, өндірістік практиканы үйымдастыруға, студенттердің тұрмысы мен демалысын үйымдастыруға түзету енгізуге ұсыныстар жасауға;
- студенттердің мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге қатысуға;
- ТЖКБ үйымдарында, сондай-ақ студенттік жатақханаларда студенттердің оқу тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін бұзыуна байланысты мәселелерді қарауға қатысуға;
- ТЖКБ үйымдарының қоғамдық өміріне және ЖІК қызметіне белсенді қатысатындарды қоса алғанда, оқу және окудан тыс қызметтің әртүрлі салаларындағы жетістіктері үшін студенттерді көтермеледеуді іске асыруды әзірлеуге қатысуға;
- ЖІК қызметі үшін қажетті ақпаратты ТЖКБ үйымының басшылығынан белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;
- ТЖКБ үйымдарының материалдық-техникалық базасын студенттердің пайдалануы мәселелерін шешуге ұсыныстар енгізуге;
- студенттердің құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ ЖІК мүшелерінің құқықтары бұзылған және шектелген жағдайларда, ТЖКБ үйымының басшылығына бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізуге;
- студенттердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың заңды нысандарын анықтауға және қолдануға;
- ТЖКБ үйымының окудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, өткізуге және талдауға тікелей қатысуға.

### **5.2. ЖІК міндетті:**

- ТЖКБ үйымдарының Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс жүргізуге;
- ТЖКБ үйымының басшылығына білім беру қызметін үйымдастыру сұраныстарына жәрдемдесуге;
- ЖІК-ге түсетін студенттердің өтініштері мен жүргінулерін белгіленген тәртіpte уақтылы қарауға;
- ЖІК Ережесіне және оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуге;
- студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдауға;
- студенттердің демалысы үшін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесуге;
- ТЖКБ үйымдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де үйымдар мен мекемелердің басшылары алдында студенттердің мүдделерін білдіруге және қорғауға;
- ТЖКБ үйымының басшылығын өз қызметі туралы хабардар етуге.

## **6. Жастар ісі жөніндегі комитеттердің қызметін қамтамасыз ету**

6.1 ТЖКБ ұйымының басшылығы техникалық және кәсіптік КДМ қызметін қамтамасыз ету үшін үй-жайларды (кабинеттерді), байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануға береді.